



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№ \_\_\_\_\_  
01.02.2024 № 1 \_\_\_\_\_ ге

**Тұрақты комиссияның  
2024 жылғы 01 ақпандағы  
қаулысы**

**Коммуналдық мүліктің пайдаланылуын  
бақылауды жүзеге асыру**

Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі - Тұрақты комиссия) коммуналдық мүлікті пайдалануды бақылауды жүзеге асыруға қатысты ақпаратты тыңдап және талқылай отырып, мыналарды атап өтеді.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес елорда әкімдігі «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ (бұдан әрі - Басқарма) атқарушы орган арқылы елордалық коммуналдық меншікті басқарады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

Астана қаласының коммуналдық меншігін басқару шеңберінде Басқарма коммуналдық мүлікті есепке алуды, коммуналдық заң қызметтерін корпоративтік басқаруды, коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіруді, коммуналдық мүлікті сенімгерлік басқаруды, коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауды (жалға алуды) жүзеге асырады.

Басқарма иесіз объектілерді қабылдау, инвестициялық жобалар, сыйға тарту шарттары бойынша объектілер, елорданың шығынды кәсіпорындарының санын қысқарту, заңды тұлғаларды жекешелендіру және т. б. қатысты ақпарат берді.

Сонымен қатар, Астана қаласының депутаттары коммуналдық меншік объектілерін есепке алу және жағдайын бақылау жөніндегі жұмысты күшейтуді ұсынды.

Отырыс барысында Басқарма коммуналдық заңды тұлғаларды корпоративтік басқару жөніндегі қызмет туралы егжей-тегжейлі ақпарат бермеді, яғни кәсіпорындар қызметінің тиімділігін арттыру, объектілердің әрбір жеке тобы үшін арнайы қаржы саясатын әзірлеу жөніндегі жұмыс, осы бағыт бойынша әзірленген құжаттар тізбесі, кәсіпорындардың кірістілігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары және т. б. туралы мәліметтер ұсынылмады.

Бүгінгі таңда қала бойынша коммуналдық меншік объектілері бойынша барлығы 269 жалдау шарты жасалған. Бұл ретте, мүлік орташа нарықтық бағадан төмен бағамен немесе нысаналы мақсатқа сай емес қызмет бойынша жалға берілгені туралы фактілер де бар.

Бұған дейін Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы (бұдан әрі – Тексеру комиссиясы) квазимемлекеттік сектор субъектісінің активтерін басқару тиімділігіне мемлекеттік аудит (бұдан әрі – Аудит) жүргізген болатын. «Astana Venue Management» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) елорданың «Тәуелсіздік сарайы», «Бейбітшілік және келісім сарайы», «Астана-Бәйтерек» монументі сияқты мәдени объектілерін басқарушы компания болып табылады.

Аудит нәтижелеріне сәйкес, Серіктестік материалдық және қаржылық ресурстарды тиімсіз пайдаланатыны, жоғалған пайда фактілеріне жол беретіні анықталды. Серіктестіктің үй-жайларды жалға беруі орташа нарықтық бағадан төмен бағамен жүзеге асырылған. Жол берілген бұзушылықтар мен кемшіліктердің себебі ішкі бақылау жүйесіндегі қателік, оның ішінде Серіктестіктің коммуналдық мүлікті пайдалануына Басқарма тарапынан тиісінше бақылаудың болмауы болып табылады. 2023 жылы Тексеру комиссиясы «Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы (бұдан әрі – Қоғам) қызметінің тиімділігіне мемлекеттік аудит» аудиторлық іс-шарасын өткізді. Аудит нәтижелері бойынша қаржылық бұзушылықтар, мемлекет активтерін тиімсіз пайдалану, жоғалған пайда және т.б. анықталды. Қоғам иелігінде тұрғын емес үй-жайларды жалға беру бойынша табыс алу мақсатында пайдаланылмайтын жылжымайтын мүлік объектілері (тұрғын емес үй-жайлар) анықталды, бұл мемлекеттік мүлікті тиімді пайдалану қағидатын сақтамау болып табылады.

Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын бұза отырып, тұрғын емес үй-жайлар баланстық құны мен оларды беру сәтіндегі техникалық жай-күйі көрсетілмей берілген.

Жүргізілген «Коммуналдық мүлік: есепке алу және сақталуын қамтамасыз ету, оны ұтымды және тиімді пайдалану» сараптамалық-талдау іс-шарасының қорытындысы бойынша Тексеру комиссиясы жергілікті атқарушы органның мемлекеттік мүлік тізілімінде коммуналдық мүліктің есебін тиісті жүргізуді және коммуналдық мүлікті паспорттау жөніндегі жұмыстарды жүргізуді жеткіліксіз қамтамасыз еткенін атап өтті.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес, Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Коммуналдық мүлікті пайдалануды бақылауды жүзеге асыру» ақпараты назарға алынсын.

2. «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-не:

коммуналдық мүлікті басқару жөніндегі жұмысты күшейту;

мемлекеттік мүлік тізілімінде коммуналдық мүлік есбiнiң тиiстi жүргiзiлуi және коммуналдық мүлікке паспорттауды жүргізуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

ведомстволық бағынысты кәсіпорындарды бақылауды басқарудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету;

коммуналдық заң қызметтерін корпоративтік басқару жөніндегі жұмысты күшейту;

кейіннен мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру үшін Астана қаласының коммуналдық меншігінің артық және пайдаланылмай тұрған объектілерінің болуы туралы коммуналдық мүліктің теңгерім ұстаушыларынан ақпарат жинау;

коммуналдық мүлікті орташа нарықтық бағадан төмен бағамен жалға беруге, сондай-ақ оны нысаналы мақсаттан тыс пайдалануға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау;

кейіннен кәсіпорындарға бере отырып, иесіз электр кабельдерін, қосалқы станцияларды, жылу желілерін коммуналдық меншікке қабылдау жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету;

тиісті ұйымдардың түгендеу бойынша есептерді тапсыруын бақылауды қамтамасыз ету;

Астана қаласы әкімінің «Astana Venue Management» ЖШС-нің одан әрі жұмыс істеуінің орындылығына қатысты қабылдаған шешімі туралы ақпарат беру ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-не «Астана қаласының Құрылыс басқармасы» ММ-мен, «Астана қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ мен бірлесіп:

жобалардың аяқталуын күтпестен, объектілерді (мүлікті) коммуналдық меншікке кезең-кезеңімен қабылдау жөніндегі жұмыс жоспарын әзірлеу ұсынылсын.

4. «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-не «Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ-мен бірлесіп:

оммуналдық мүлікті цифрландыру және бірыңғай деректер базасын құру жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

5. «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ, «Astana» ӘКК» АҚ:


коммуналдық мүліктің тиісті пайдаланылуын және бақылауды қамтамасыз ету;

Тексеру комиссиясы аудиторлық іс-шара барысында анықтаған бұзушылықтарды жою ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпарат қапалық мәслихатқа бір ай мерзімде берілсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
бюджет, экономика, өнеркәсіп және  
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының төрағасы**



**К. Адамбек**